

**"Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін
атқарушының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 594 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 1 тамызда № 19179 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15600 болып тіркелген, 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – мемлекет жарғылық капиталына жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздігін тұрақты дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам (бұдан әрі - уәкілетті ұйым);";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Авиациялық персонал теориялық білім мен практикалық дағдылар деңгейін, сондай - ақ авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін анықтау үшін тағайындалған жеке тұлғалар жүргізетін тестілеу немесе кезеңдік тексеру көмегімен Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі - ИКАО) стандарттарына сәйкес орындалатын функцияларға сәйкес деңгейдегі тілдерді білуін көрсетеді.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес уәкілетті ұйым тағайындайтын емтихан алушы (бағалаушы) айқындайды.";

9-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Біліктілік, арнайы белгілер үшін кандидаттың теориялық білімін тестілеу, авиациялық персоналдың куәлігін ұзарту компьютерлерде немесе қағаз тасығыштарда автоматтандырылған тәсілмен жүргізіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Тестілеу кезінде кандидаттар басқа кандидаттармен сөйлеспейді, материалдармен алмаспайды, қағаз, электрондық және өзге де тасымалдағыштардағы ақпаратты пайдаланбайды, үй-жайдан шықпайды, қабылдаушы-таратушы электрондық құрылғыларды (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтарды) пайдаланбайды. Мұндай құрылғылар тестілеу кезінде өшірілуге тиіс.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Сынақ тапсырмаларын жасауды және оларды жыл сайын жаңартуды осы Қағидаларға сәйкес уәкілетті ұйым келісім бойынша емтихан алушы (бағалаушы) жүзеге асырады.";

28-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) емтиханды өтуге кандидат тапсырманы тек емтихан алушының нұсқауы бойынша оқуды және орындауды бастауға болатынын ескертеді. Кандидаттар тест басталғанға дейін оларға қатысты бөлігінде бақылау парақтарын толтырады;"

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Емтихан кезінде емтихан алушы (бағалаушы) өзін байыпты ұстайды, мұқият, мейірімді болады және көп сөйлемейді. Тест тапсырмасында жауаптың дұрыс таңдалуына қатысты сұрақтарға жауап беруге болмайды.";

31-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Емтихандарда аяқталған жазбаша жұмыстарды немесе толтырылған сауалнамаларды алғаннан кейін қағаз материалдарды пайдалана отырып, олар емтихан алушыға (бағалаушыға) баға қою үшін дереу қайтарылады. Көп нұсқалы үлгідегі емтихан үлгілік жауап бланкілерін пайдалана отырып өткізілген жағдайда, баға қою оқу құрылғысының көмегімен автоматты немесе жартылай автоматты түрде жүргізіледі .";

37-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) LAPL немесе ULAPL беру үшін жалпы қажетті пәндер бойынша теориялық білім әуе кемелерінің басқа санаты (бұдан әрі - ӘК) үшін LAPL немесе ULAPL иесіне толық есептеледі;"

37-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) LAPL, ULAPL немесе PPL беру үшін әуе кемелерінің басқа санаты үшін куәлік иесі теориялық даярлықтан өтеді және мынадай салаларда тиісті деңгейде теориялық емтихандарды нәтижелі тапсырады:

ұшу принциптері (тәжірибелік аэродинамика);

пайдалану процедуралары, ұшу сипаттамалары және жоспарлау (Ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулық);

ӘК туралы жалпы білім (ӘК және күштік қондырғы конструкциясы);
әуе навигациясы;"

"8) жеңіл ұшақтың LAPL (A) пилотының куәлігін алу үшін, мотопланерге құқықтарды кеңейте отырып, ULAPL(S) планерінде аса жеңіл әуе кемесінің пилоты куәлігінің иесі практикалық дағдылар бойынша емтихан өткізу кезінде емтихан алушыға пайдалану процедуралары, ұшу сипаттамалары мен жоспарлау, ӘК туралы жалпы білімі бойынша теориялық білімнің жеткілікті деңгейін көрсетеді;"

37-тармақтың 10) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) әуе кемелерінің сол санатында АҰҚ (IR) бойынша ұшуға рұқсат беру үшін тиісті теориялық емтиханды нәтижелі тапсырған CPL кандидатына мынадай пәндер бойынша теориялық білімнің талаптары есептеледі:"

37-тармақтың 11) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) әуе кемелерінің басқа санатында ATPЛ бар ATPЛ-ге кандидат әуе кемелерінің әртүрлі санаттары үшін ATPЛ оқу жоспарлары арасында анықталған айырмашылықтарға сәйкес АОО-да аралық теориялық даярлықтан өтеді. Кандидат осы бөлімде анықталғандай, әуе кемелерінің тиісті санаттары үшін келесі пәндер бойынша теориялық емтихандарды тапсырады:"

37-тармақтың 15) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) АҰҚ (IR (H) бойынша ұшуға рұқсаты бар, CPL(H) үшін тиісті теориялық емтихандарды нәтижелі тапсырған ATPЛ(H) кандидатына мынадай пәндер бойынша теориялық білімнің талаптары есептеледі:"

37-тармақтың 17) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) көзбен шолып ұшуға рұқсат бере отырып, ATPЛ(H) үшін тиісті теориялық емтихандарды нәтижелі тапсырған IR(H) тікұшақтар үшін аспаптар бойынша ұшуға рұқсат беруге кандидатқа мынадай пәндерді тапсыру талап етіледі:"

38-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кандидаттар куәлік немесе біліктілік белгісін алу үшін қажетті теориялық емтихандардың барлық кешенін тапсырады.;"

49-тармақтың 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жеке тестінің ең жоғары және ең төменгі ұзақтығы және әрбір тапсырмаға немесе әрбір элементке бөлінетін уақыт. Ең жоғары ұзақтықтың екі аспектісі бар: емтихан алушы тестіні негізсіз созбайды, себебі бұл кандидаттың жұмыс қабілетін әділетсіз төмендетеді және кандидат барлық практикалық міндеттерді орындап, ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде барлық сұрақтарға жауап береді;

2) кандидаттың ұшу кітапшасын қарау арқылы тәжірибеге қойылатын ең төменгі талаптардың орындалуы тексеріледі;

3) егер өлшемшарттар сақталмаған болса, тапсырманы орындауға қанша мүмкіндік беріледі және қандай жағдайларда беріледі.

Бір тапсырмалар (мысалы, ұшудан кейін қозғалтқыштың шартты істен шығуы кезіндегі дұрыс іс-қимылдар) шекті болып саналады және бірінші мүмкіндіктен-ақ, ал басқалары (мысалы, бұрылу кезінде абсолюттік биіктікті ұстап тұру) - бірінші мүмкіндік кезінде өлшемдерден асып кеткен жағдайда қайталап орындағаннан кейін ғана сәтті орындалады. Рұқсат етілген мүмкіндіктердің жалпы санына қатысты шектеу белгіленеді;

4) емтихан алушы мен кандидаттың барлық кезеңдердегі, әсіресе нақты немесе имитацияланатын авариялық жағдайларға қатысты тиісті рөлі. Ұшу емтихандарын өткізу кезінде әуе кемесінің командирінің кім болуына қатысты ешқандай күмән тумайды және ӘК басқаруды беру/қабылдау процедуралары де түсінікті;

5) қолданылатын жабдықтың түрі.";

49-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) тәжірибелік дағдылардың емтиханы бойынша емтихан алушының баяндамасы.

Белгіленетін ақпарат нақтыланады, сондай-ақ егер емтихан алушы уәкілетті ұйымның қызметкері болып табылмаса, нысанды қалай өңдеу керек екені көрсетіледі. Тәжірибелік дағдылардың емтиханы бойынша баяндаманың екінші данасы кандидатқа ұсынылады. Баяндаманың үшінші данасы уәкілетті ұйымға жолданады.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Тестілеуді өткізу туралы толық мәлімет әуе қозғалысына қызмет көрсету мамандарының біліктілік деңгейін анықтайтын емтихан алушыларға арналған нұсқаулықта жазылған.";

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Бағалау нәтижелеріне шағымдану туралы апелляциялық өтініш (бұдан әрі – өтініш) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шағымдану себептерін негіздей отырып уәкілетті ұйымға беріледі.";

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Комиссия өтініштерді қарау бойынша отырыстарды уәкілетті ұйымда өтініш тіркелген күннен бастап жиырма екі жұмыс күні ішінде өткізеді.";

73-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Емтихан алушы (бағалаушы) оны тағайындау үшін жеке тұлға уәкілетті ұйымға мыналарды ұсынады.";

74-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия құрамына уәкілетті ұйымның лауазымды тұлғалары, сондай – ақ азаматтық авиация саласының персоналы (қазіргі емтихан алушылар (бағалаушылар) кіреді.";

75-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия отырысы басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кем емес мерзімде уәкілетті ұйым өтініш берушіге оның басталу күні мен уақыты туралы ақпаратты қамтитын ерікті нысандағы ресми хабарламаны жолдайды.";

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Емтихан алушыны (бағалаушыны) тағайындауды үш жылдан аспайтын мерзіммен барлық өкілеттіліктерді көрсете отырып, осы Қағидаларға 17–қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті құжатты бере отырып, комиссияның оң шешімі негізінде уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

Тағайындаған емтихан алушы (бағалаушы) туралы мәлімет уәкілетті ұйымның сайтында орналастырылады.";

80, 81 және 82-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"80. Теориялық білімді (License knowledge test) тестілеу және/немесе тәжірибелік дағдыларды (License Skill (Proficiency) Check) бағалау кезінде авиациялық персоналдың куәлігін (бұдан әрі-куәліктер) беру немесе ұзарту, сондай-ақ қатар біліктілік белгісінің қолданыс мерзімін ұзарту мақсатында емтихан алушы уәкілетті ұйымның атынан әрекет етеді.

81. Теориялық білімді тестілеу және/немесе тәжірибелік дағдыларды бағалау жүргізу үшін бөгде кәсіпорындарға азаматтық авиация ұйымының емтихан алушысын (бағалаушыны) уәкілетті ұйым тартқан кезде емтихан алушы (бағалаушы) тарту кезеңінде ол жұмыс жасайтын азаматтық авиация ұйымымен еңбек қатынасын сақтайды.

82. Теориялық білімді тестілеуді (бағалауды) жүзеге асыратын авиациялық оқу орталықтарының емтихан алушысында (бағалаушысында) қолданыстағы куәліктердің, біліктілік белгісінің және медициналық сертификаттың болуы талап етілмейді.

Бұл ретте емтихан алушылардың аталған санатын авиациялық персоналды кәсіби даярлаудың іске асырылатын бағдарламаларының бағыттары бойынша уәкілетті ұйым тағайындайды.";

84-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Талап етілген біліктілігі бар емтихан алушысы (бағалаушы) болмаған жағдайда , теориялық білімді тестілеуді және тәжірибелік дағдыларды бағалауды жүргізу үшін уәкілетті ұйым өлшемшарттары бойынша ұқсас біліктілігі бар маманды бекітеді. Мұндай бекіту келесі жағдайда беріледі:";

1-қосымшаның 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Уәкілетті ұйымға комиссия отырысының хаттамасы мен тексеру нәтижелері бар құжаттарды кейіннен жолдай отырып, куәліктерді беруге (қолданылу мерзімін ұзарту) азаматтық авиация ұйымдарынан, сондай-ақ жеке тұлғалардан келген тексеру нәтижелері бар ұсыныстар мен құжаттарды қарау.";

4, 11, 12, 13, 14, 17 және 19-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес мынадай редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Р. Скляр

Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 31 шілдедегі
№ 594 бұйрығына
1-қосымша
Авиациялық персоналдың
біліктілік деңгейін
айқындау қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Бағалау парағы / Assessment Form

Тәжірибелік тағылымдаманы бағалау (On the Job Training) / OJT Assessment

Aircraft ӘК түрі	Type: Тура	Training Оқытудың ұзақтығы	Duration: Тұра	Company Компанияның орналасуы және оның сертификатын мақұлдау нөмірі	Location Тұра	and Approval Тұра	Nr: Тұра
Trainee Білім алушының аты	Name: Тұра	Date and Place of Birth: Туған жылы, күні және орны	Staff number: Тұра	Company number: Компаниядағы сәйкестендіру нөмірі	License Тұра	Nr. And Тұра	Type: Куәлік нөмірі және оның санаты
OJT Supervisor(s) Name/ аты:	OJT супервайзерінің аты:			OJT Supervisor Stamp / OJT супервайзерінің мөртаңбасы:			
OJT Assessor Name: O J T бағалаушысының аты	Date of Assessment: Бағалау күні	OJT Assessor OJT бағалаушысының мөртаңбасы		Stamp: Тұра			

Есептер және нұсқауларды пайдалану / Use reports&indications

Білім алушы қолжетімді есептер мен нұсқауларды оқиды / Trainee reads the available reports and indications	Пікірлер / Comments :
Білім алушы есептер мен нұсқауларды нақты түсіндіре алады (кеңес беруші басшылықты ашады/келеңсіздіктерді шешу басталғанға дейін дұрыс әрекеттерді алдын ала қабылдайды)/ Trainee interprets the reports and indications correctly (Opens proper manuals/takes right actions to start the problem solving process)	

Құжаттаманы іздеу және қолдану / Find&Use documentation	
Білім алушы MEL дұрыс сілтемені тексереді / Trainee consults the correct MEL reference	Пікірлер / Comments :
Білім алушы MEL сәйкес ұшып шығуларды дұрыс түсіндіреді / Trainee makes the correct interpretation on dispatch according MEL	
Білім алушы бұзылу және ақаулықтарды бойынша тиісті процедураларды табады / Trainee finds proper trouble shooting procedure	
Білім алушы бұзылу және ақаулықтарды іздеу бойынша басшылықты, ӘК ТҚ бойынша басшылықты , тиісті процедураларды дұрыс түсіндіреді (білім алушының алдын ала қабылдаған әрекеттерінен не көрінді) / Trainee makes the correct interpretation on TSM, AMM and other related procedures (this shows in the actions trainee takes)	

Орындаудың дұрыстығы// Correctly perform actions	
Білім алушы процедураға қадамды ілеседі / Trainee follows the procedure steps	Пікірлер/ Comments:
Білім алушы мүмкіндіктер тиісті орындалғанына көз жеткізеді / Trainee make sure that actions are properly done	

Қоршаған орта жағдайларындағы жұмыс / Operate in compliance with environment	
Білім алушы қауіпсіздікке кепілдік бере отырып, міндеттер орындалу басталғанға дейін ортаны бағалайды / Trainee scan the environment before starting the task to ensure safety	Пікірлер / Comments:
Білім алушы алдын ала ескертуді дұрыс оқиды/ түсіндіреді / Trainee reads/interprets safety warnings correctly	
Қажеттілік болғанда білім алушы адамдарды өз жұмысы туралы ақпараттайды / Trainee informs people his work, if necessary	
Бригада мүшелері арасындағы міндеттер бойынша персоналмен байланыс қанағаттанарлық / Communication linked to task performance between team members is okay	
Білім алушы міндетті орындау уақытында қоршаған ортаны үнемі бағалайды/ Trainee continuously scan environment during task performance	
Білім алушы қауіпсіздік кепілдігі үшін оны орындау үдерісінде қоршаған ортаның өзгерісіне тиісті жауап қайтарады / Trainee reacts properly to changes during task performance to ensure safety	

Жүйелік өзара әрекет / System interaction	
Білім алушы орындау алдында өзге жүйелердің әсерінің салдарларын талдайды/ Trainee ‘ analyses’ the consequence of other systems before performing an action	Пікірлер / Comments:
Білім алушы жүйе жұмыста болғанда өзге жүйелер үшін жауапкершілікті өзіне алады// Trainee takes consequence on others systems into account when acting on a system	

ӘК-гі ақырғы мүмкіндіктер / Мұқият тексеру / Performs aircraft final/close-up	

Білім алушы ұшақты кері бастапқы күйіне қайтарады (немесе тиісті жағдайларда , жағдайларға байланысты)/ Trainee restores the aircraft back to initial condition (or appropriate condition depending on the circumstances)	Комментарии / Comments:
---	-------------------------

Борттық журналдағы жазбалар/ / Reports in logbook	
Білім алушы борттық журналдағы тиісті жерлерді толтырады / Trainee fills the proper field in the logbook	Комментарии / Comments:
Білім алушы борттық журналдағы тиісті сілтемелер және сипаттарды пайдаланады / Trainee uses proper references and descriptions in the logbook	

Мен осымен әр жұмыс міндетіне қатысты білім алушыны бақыладым және олар аяқталғаннан кейін білім алушы тәжірибелік тағылымдаманың тапсырмалары бойынша жазбалардағы өлшемдерге(OJT Records) сәйкестігін көрсеткенін растаймын /(OJT Records)/I here by confirm that I have supervised the trainee inrelation to every actual job task and that in completing them the trainee has demonstrated compliance with the criteria listed in this OJT task book.

OJT супервайзерінің қолы / OJT Supervisor Sign..... Күні / Date.....

.....

OJT супервайзерінің мөртаңбасы / OJT Supervisor Stamp

Мен, осымен OJT супервайзерінің пікірлерін негіздей отырып, тәжірибелік тағылымдама міндеттерінің талап етілетін түрлілігі мен мөлшерінің аяқталғанын растаймын / I hereby confirm the completion of the required diversity and quantity of OJT, based on the supervisor(s) comments.

OJT бағалаушысының қолы/ OJT Assessor Sign.....

..

Күні / Date..... OJT бағалаушысының мөртаңбасы /

OJT Assessor Stamp

Ескерту. БАҒАЛАУ – жалпы ескертулер / ASSESSTMENT – General

OJT-үдерістің толыққандылығы бағалануы қажет

Әр нақты міндетті орындауды бақылаушы немесе ақпараттың кез келген көзіне қатысты супервайзерден (супервайзерлер) барлық есептер немесе кері байланыс (басшылық және процедураларды пайдалану, қауіпсіздік шараларын сақтау, алдын ала ескертулер және ұсыныстар, қызмет көрсету ортасында барабар тәртіп), тағайындалған бағалаушы келесі мүмкіндіктерге ие болуы қажет:

OJT процедурасының толықтай сақталуына кепілдік беру (тәжірибелік тағылымдаманың мақсаты және мазмұны тұрғысынан);

Кандидаттың жете білетінінің бағаланғанына көз жеткізіңіз.

Күмән болған жағдайда, бағалаушы кандидатты қосымша бағалауға өтуге немесе егер OJT процеуралары толық көлемде сақталмаса, олқылықтарды талдауды жүргізуге шешім қабылдай алады, мысалы, міндеттердің жеткіліксіз мөлшері игерілсе немесе олардың жеткілікті түрлілігіне қол жеткізілмесе немесе супервайзер кандидаттың

тапсырмаларды орындауына қатысты күмән келтірсе. Егер білім алушы талап етілетін жете білудің қауіпсіз орындалуына қолы жетпесе, супервайзер нақты міндетке қол қоймауы қажет.

Бағалаушының функциясы: Супервайзер кандидаттың жете білуін жанама түрде негіздегеннен кейін аяқталған ОЖТ ақтық бағалауын жүргізу.

Мақсаты: супервайзердің (супервайзерлердің) есептері және одан (олардан) кері байланыстың негізінде ОЖТ талап етілетін түрлілігі мен мөлшерінің аяқталуын растау. Бағалаушының тікелей бағалауының қажеттілігінсіз ОЖТ жекелеген міндеттерінің аяқталуын тікелей супервайзердің (супервайзерлердің) растауы жеткілікті.

Бағалау түрі: ОЖТ уақытында үздіксіз (тікелей супервайзермен расталған), және ОЖТ толыққандылығын ақырғы бағалау сияқты жиынтықтаушы (супервайзердің есептерінің және онымен кері байланыс негізінде).

Тәжірибелік тағылымдаманың сапасын айқындау және оны бағалау.

Тәжірибелік тағылымдаманы өткізу кезінде ОЖТ супервайзері өткізілетін тағылымдаманың сапасын қадағалайды және бақылайды.

Бұл міндеттерді орындау кезінде ең кем дегенде төмендегі сәттерді қамтитын тұрақты бағалау қажет:

1) Қоршаған орта туралы білім алушының хабардар болуы (қауіпсіздік әрекеттері, қауіпсіздік бойынша алдын ала ескертулерді қолдану және қауіпті жағдайлардың алдын алу);

2) Жүйелерді біріктіру (айқындау, сипаттау, түсіндіру, жоспарлау, орындауды қоса жүйелердің өзара әрекеттерін түсінуді көрсету);

3) Арнайы акценттер мен жаңадан енгізулерді талап ететін облыстар білімі және түсіну;

4) есептер және нұсқауларды пайдалану (оқу және түсіндіру қабілеттілігі);

5) ӘК құжаттамасы – іздеу және қолдану. Білім алушы ұшақтың тиісті құжаттамасын сәйкестендіруге, бұл құжаттаманың ішінде бағдар алуға, ұйғарылған процураларды орындауға қабілетті болуы қажет;

6) ӘК-де ТҚ әрекеттерін орындау және саймандарды пайдалану;

7) ӘК-де қызмет көрсету жағдайларында білім алушының жұмыс істеуі кезінде оның қатынасы мен тәртібі.

Орналасу және анықтау – білім алушы ӘК жүйесін, басты түйіндерді мен жүйенің құрамдарын және оның шағын құрамдастарын (егер қолданылса) орынды табады және анықтайды және ең үлкен дәлдікпен бағалаушыға бұны көрсетеді.

Түсіндіру – білім алушы персонал мен жабдыққа зиян келтірудің алдын алуда қауіпсіздік бойынша алдын ала ескертулерді орындау, қауіпсіз жұмыс үшін олардың дұрыс конфигурациясы бөлігінде ӘК жүйесін тексеруде жеткілікті білімін көрсетуге қабілетті болуға тиіс. Содан кейін білім алушы талап етілетін міндеттерді аяқтау үшін кез келген қажетті сынақтау жабдығын және/немесе арнайы сайманды қолдануды қоса,

орындалуы қажет барлық позициялар мен әрекеттер бойынша басқарудың көрсетілген элементтері әсерінің нәтижелерін айқындайды бағалаушыға дұрыс түсіндіреді. ӘКТҚ бойынша басшылықтың процедуралары пайдаланылуға тиіс.

Ақаулықтарды іздеу және жою – білім алушы қауіпсіз ұшып шығу және бұзылуды анықтау үшін бұзылу/ ақаулықтарды анықтауға тиісті сайман және техникалық нұсқаулықты пайдаланады.

Бағалау ОJT супервайзерінің пікірлері негізінде орындалады. Егер ОJT супервайзерінің пікірі бойынша оқытуға жіберілген білім алушы "бағалау- жалпы ескертулер" параграфында атап көрсетілген өлшемдерге сәйкес келсе, супервайзер әр жеке міндетке қатысты ОJT жазбаларына өзінің жеке мөртаңбасын қояды.

АЯҚТАЛУ: Аяқталғанан кейін, егер оның қолдануы уәкілетті ұйым тарапынан келісілсе ,білім алушыға ТҚ және АТЖ ұйымының сертификаты шығарылатын болады.

Бағалау парағы / Assessment Form ӘК түріне оқыту кезінде тәжірибелік элементті бағалау / Practical Assessment of Type Training Course

Aircraft ӘК түрі	Type:	Training Duration: Оқытудың ұзақтығы	Company Location and Approval Nr: Компанияның орналасуы және оның сертификатының мақұлдау нөмірі	
Trainee Білім алушының аты	Name:	Date and Place of Birth: Туған күні, жылы Туған жері	КС Staff number: Компаниядағы сәйкестендіру нөмірі	License Nr. and Type: Куәлік нөмірі және оның санаты
Instructor / Assessor Name: Нұсқаушының/ бағалаушының аты	Date of Assessment: Бағалау күні	Instructor / Assessor Stamp: Нұсқаушының/бағалаушының мөртаңбасы		

Task Number ATA Chapter Number Description of Task / Assessor Stamp / Штамп оценщика
Тапсырмалардың нөмірі / ATA Chapter нөмірі сипаттау Тапсырмаларды Passed / Өтті Failed / Өткен жоқ

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)

Есептер және нұсқауларды пайдалану / Use reports&indications

1 - мүмкіндік
2 - мүмкіндік
Өтті жок Өткен жок Өтті жок Өткен жок

Білім алушы қол жетімді есептер мен нұсқауларды оқиды / Trainee reads the available reports and indications

Білім алушы есептер мен нұсқауларды орынды түсіндіреді (кенес беретін басшылықты ашады /келеңсіздіктерді шешу басталғанға дейін дұрыс әрекеттерді алдын ала қабылдайды) /

Trainee interprets the reports and indications correctly (Opens proper manuals/takes right actions to start the problem solving process)

1 - мүмкіндік	2 - мүмкіндік
Өтті	Өткен
жоқ	Өтті
	Өткен
	жоқ

Құжаттаманы іздеу және қолдану / Find&Use documentation

Білім алушы MEL дұрыс сілтемені тексереді / Trainee consults the correct MEL reference

Білім алушы MEL сәйкес ұшып шығуларды дұрыс түсіндіреді / Trainee makes the correct interpretation on dispatch according MEL

Білім алушы істен шығу және ақаулықтар бойынша тиісті процедураларды табады / Trainee finds proper trouble shooting procedure

Білім алушы істен шығу және ақаулықтарды іздеу бойынша нұсқаулықты, ӘК ТҚ бойынша нұсқаулықты, тиісті процедураларды дұрыс түсіндіреді (білім алушының алдын ала қабылдаған әрекеттерінен не көрінді) / Trainee makes the correct interpretation on TSM, AMM and other related procedures (this shows in the actions trainee takes)

1-мүмкіндік	2 - мүмкіндік
Өтті	Өткен
жоқ	Өтті
	Өткен
	жоқ

Орындаудың дұрыстығы / Correctly perform actions

Білім алушы процедураға ретімен ілеседі / Trainee follows the procedure steps

Білім алушы әрекеттер тиісті орындалғанына көз жеткізеді / Trainee make sure that actions are properly done

1 - мүмкіндік	2 - мүмкіндік
Өтті	Өткен
жоқ	Өтті
	Өткен
	жоқ

Қоршаған орта жағдайларындағы жұмыс / Operate in compliance with environment

Білім алушы қауіпсіздікке кепілдік бере отырып, міндеттерді орындау басталғанға дейін ортаны бағалайды / Trainee scan the environment before starting the task to ensure safety

Білім алушы алдын ала ескертуді дұрыс оқиды/ түсіндіреді / Trainee reads/ interprets safety warnings correctly

Қажеттілік болғанда білім алушы адамдарға өз жұмысы туралы хабарлайды / Trainee informs people his work, if

Бригада мүшелері арасындағы міндеттер бойынша персоналмен байланыс қанағаттанарлық / Communication linked to task performance between team members is okay

Білім алушы міндетті орындау барысында қоршаған ортаны үнемі бағалайды/ Trainee continuously scan environment during task performance

Білім алушы қауіпсіздік кепілдігі үшін оны орындау барысында қоршаған ортаның өзгеруіне тиісті жауап қайтарады / Trainee reacts properly to changes during task performance to ensure safety

Жүйелік өзара әрекет / System interaction

1 - мүмкіндік	2 - мүмкіндік
Өтті жоқ	Өткен жоқ

Білім алушы орындау алдында өзге жүйелердің әсерінің салдарларын талдайды / Trainee 'analyses' the consequence of other systems before performing an action

Білім алушы жүйе жұмыста болғанда өзге жүйелер үшін жауапкершілікті өзіне алады / Trainee takes consequence on other systems into account when acting on a system

ӘК-дегі ақырғы әрекеттер / Мұқият тексеру / Performs aircraft final/close-up

1-мүмкіндік	2-мүмкіндік
Өтті жоқ	Өтті Не прошел

Білім алушы ұшақты қайта бастапқы күйіне (немесе жағдайларға байланысты, тиісті жағдайларға) қайтарады / Trainee restores the aircraft back to initial condition (or appropriate condition depending on the circumstances)

Борттық журналдағы жазбалар / Reports in logbook

1-мүмкіндік	2 - мүмкіндік
Өтті жоқ	Өтті жоқ

Білім алушы борттық журналдағы тиісті жерлерді толтырады / Trainee fills the proper field in the logbook

uses proper references and descriptions in the logbook

Білім алушы борттық журналдағы тиісті сілтемелер және сипаттамаларды пайдаланады // Trainee

Мен осымен әр жұмыс міндетіне қатысты білім алушыны бақыладым және олар аяқталғаннан кейін білім алушы тәжірибелік оқыту тапсырмалары бойынша жазбалардағы өлшемдерге (OJT Records) сәйкестігін көрсеткенін растаймын (PTR) /

/ I here by confirm that I have supervised the trainee in relation to every actual job task and that incompleting them the trainee has demonstrated compliance with the criteria listed in the introduction to this PTR.

Бағалаушының қолы / Assessor Sign.....

Күні/ Date..... Бағалаушының мөрі / Assessor Stamp.

Instructor Comments / Бағалаушының пікірлері :

Assessor Comments / Комментарийи оценщика:

Ескерту. БАҒАЛАУ – жалпы ескертулер / ASSESSTMENT – General

Барлық міндеттер аяқталғаннан кейін келесі өлшемшарттарға сәйкес келетін бағалау орындалуға тиіс:

Бағалау тағайындалған бағалаушымен орындалуға тиіс;

Бағалау ӘК түріне және ең аз дегенде келесі тармақтарды қамтитын оның техникалық қызмет көрсетуге қатысты құзіреттіліктерге тоғыстырылуы қажет:

1) Қоршаған орта туралы білім алушының хабардар болуы (қауіпсіздік әрекеттері, қауіпсіздік бойынша алдын ала ескертулерді қолдану және қауіпті жағдайлардың алдын алу);

2) Жүйелерді біріктіру айқындау, сипаттау, түсіндіру, жоспарлау, орындауды қоса жүйелердің өзара әрекеттерін түсінуді көрсету);

3) Арнайы акценттер мен жанадан енгізулерді талап ететін салаларды білу және түсіну;

4) есептер және нұсқауларды пайдалану (оқу және түсіндіру қабілеттілігі);

5) ӘК құжаттамасы – іздеу және қолдану. Білім алушы ұшақтың тиісті құжаттамасын сәйкестендіруге, бұл құжаттаманың ішінде бағдар алуға, ұйғарылған процедураларды орындауға қабілетті болуы қажет;

6) ӘК-ге ТҚ әрекеттерін орындау және саймандарды пайдалану;

7) ӘК-ге қызмет көрсету жағдайларында білім алушының жұмыс істеуі кезіндегі оның қатынасы мен тәртібі.

Бағалауды осы бағалау нысанын толтыратын бағалаушы жүргізеді. Осы нысанды толтыру үшін бағалаушы жоғарыда 2) тармақшада көрсетілген өлшемдерді бағалау үшін жеткілікті тапсырманы немесе міндеттер санын (5-тен көп емес) таңдайды. Таңдалған нақты міндеттердің саны мен сипаты әрбір жеке оқушы үшін олардың тиісті тәжірибесіне байланысты ерекшеленеді. Таңдалған міндеттер мен АТА тарауының тиісті нөмірі туралы толық ақпарат көрсетілген жерде жазылған. Тапсырмалар таңдалғаннан кейін, оларды бағалау былайша орындалады:

Орналасуы мен анықтамасы – білім алушы ӘК жүйелерін, жүйенің басты тораптары мен құрамдас бөліктерін және оның кіші құрамдауыштарын (егер қолдануға болатын болса) дұрыс анықтайды және айқындайды және оны бағалаушыға барынша дәлдікпен көрсетеді.

Түсініктеме – білім алушы қауіпсіз жұмыс үшін олардың дұрыс конфигурациясы бөлігінде ӘК жүйелерін тексеруде жеткілікті білімдерді көрсетуге, персонал мен жабдықтарға зиян келтірудің алдын алу үшін қауіпсіздік бойынша ескерту талаптарын орындауға қабілетті. Содан кейін білім алушы талап етілетін міндеттерді аяқтау үшін кез келген қажетті тестілік жабдықты және немесе арнайы құралдарды қолдануды қоса алғанда, орындалуы қажет барлық позициялар мен іс-қимылдар бойынша басқарудың көрсетілген элементтерінің әсер ету нәтижелерін бағалаушыға анықтайды және дұрыс түсіндіреді. ӘК ТҚ бойынша нұсқаулық процедуралары пайдаланылады.

Ақауларды іздеу және жою – білім алушы қауіпсіз ұшып шығу және істен шығуды анықтау үшін талаптарды анықтай отырып, істен шығуды/ақаулықты анықтау үшін тиісті құрал мен техникалық нұсқауларды пайдаланады.

Бағалау "өтті" / "өтпеді" жазбаларын пайдалана отырып жүргізіледі. Егер білім алушы жоғарыда 2) тармақшада аталған, әрбір таңдалған міндетке қатысы бар

өлшемшарттарға жауап берсе, бағалаушы бұл міндетті бағалаушының мөртабанымен белгілейді.

Егер білім алушы таңдалған міндетке қатысты көрсетілген өлшемдердің ең болмағанда біреуіне жауап бермесе, бағалаушы өзінің мөртабанын қоймайды және оның орнына "Fail" ("өтпеді") деген сөзді мөртабанға арналған орынға жазады. Содан кейін білім алушы бағалаушы таңдаған тағы бір міндетті (міндеттерді) орындап, күрделілігі бойынша да, техникалық сипаттамалары бойынша да бастапқы тапсырманың баламасы бойынша қайта бағалаудан өтеді. Барлық көрсетілген өлшемшарттарды қанағаттандыру үшін бағалауға 5-тен артық емес міндет пайдаланылады.

Аяқтау. Талап етілетін міндеттер, сондай-ақ табысты практикалық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушының практикалық оқуы бойынша (Practical Training Records, PTR) жазбалардың түпнұсқасын АОО оқу бөліміне немесе практикалық элементтің нұсқаушысымен немесе практикалық элементтің бағалаушысымен практикалық оқуға қойылатын барлық талаптардың орындалуын және осы талаптарға сәйкестік кепілдігін қамтамасыз етуді тексеру үшін қайтарылады. Егер барлық талаптар орындалса, білім алушыға практикалық элемент бөлігінде ӘК типіне оқытуды растайтын АОО атынан сертификат шығарылады.

Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 31 шілдедегі
№ 594 бұйрығына
2-қосымша
Авиациялық персоналдың
біліктілік деңгейін
айқындау Қағидасына
11 Қосымша

ӘК ТҚ жөніндегі мамандар үшін бастапқы дайындығының емтихандар стандарты

1. Жалпы талаптар.

1. Бастапқы (базалық), кәсіби дайындық аясындағы барлық емтихандар бірнеше жауаптан дұрыс нұсқауын және очерк (essay) түріндегі сұрақтың таңдауымен сұрақтарды қолданумен өткізілуі тиіс, егер бұл төмендегі талаптармен айқындалса.

Бұрыс, ұқсас жауаптар кім пәнді білмейтін кез келген үшін шын сияқты, баламалы көрінуі қажет. Барлық ұқсас жауаптар сұраққа байланысты және сондай сөздігі, грамматикалық конструкциясы және бірдей ұзындығы болуы тиіс. Сандық мәндері бар

сұрақтарды бұрыс жауаптар бұрыс мәндерді (-салыстырғандағы +) немесе өлшемнің бұрыс шамаларымен пайдалану ретінде процедуралық қателерге сәйкес болуы тиіс. Олар кездейсоқ сандар болуы тиіс.

2. Бірнеше жауаптан дұрыс нұсқасын таңдаумен сұрақтардың әрқайсысына жауаптың үш ұқсас нұсқасы болуы тиіс, олардың ішінен біреуі ға дұрыс болуы қажет және үміткерге әр сұраққа 75 секунд есебінен уақыттың орташа номиналдық кесіндісінде негізделетін әр модульға уақыт берілуі тиіс.

3. Очерк түріндегі әр сұрақ жауапты жазуда дайындықты талап етеді және үміткерге әр сұраққа жауап үшін 20 минут беріледі.

4. Очерк үшін қолайлы сұрақтар(essay) дайындалуы және 7A, 7B, 9A, 9B, 10 және 10RK Appendix I бағдарламасын пайдаланумен бағалануы қажет.

5. Әр сұрақтың өзге тараудың бөлігіне сәйкес бола алатын кез келген ұқсас жауаптардың білімін қосатын ол үшін дайындалған жауаптың үлгісі болады.

6. Жауаптың үлгісі негізгі тармақтар сияқты маңызды тармақтардың тізбесіне бөлінеді.

7. Сұрақтармен бөліктің және дұрыс жауаптың нұсқасын таңдаумен әр модуль немесе шағын модуль бойынша өту бағасы 75 % құрайды.

8. Очерк (essay) түріндегі әр сұрақ үшін өту бағасы сұрақпен белгіленген негізгі талап етілген тармақтарды қосуы және кез келген негізгі тармаққа қатысты елеусіз қателері болуы тиіс үміткерлердің жауабы 75 % құрайды.

9. Егер дұрыс нұсқасын таңдаумен сұрақтар немесе очерк (essay) түріндегі сұрақтар құласа, кейіннен не тапсырылмады соны қайта тапсыру қажет. Annex IV (Part-147) немесе ҚР ережелеріне сәйкес мақұлданған ӘК ТҚ мамандарын оқытатын Тапсырылмаған модуль 30 күннен бұрын емес қайта тапсырылса, қандай да бір белгілі модульде тапсырылмаған пәнді ескерумен АОО қайтадан курс өткізу жағдайларынан басқа тапсырылмаған модуль тапсырылмаған емтихан күнінен кейінгі 90 күннен кем бұрын емес қайтадан тапсырыла алады.

10. Базалық білімге талап етілетін уақыттың кезеңі куәлігі әлдеқашан берілген өзге санат куәлігінің бөлігі ретінде өткен модуль бойынша сол емтиханнан басқа модуль бойынша әр жеке емтиханға қолданылады.

11. Қайта тапсырулардың дәйекті талпыныстарының ең үлкен саны әр модуль үшін 3-уіне тең. Үш талпыныстан келесі сессия сессиялар арасындағы күтудің 1-ші жылын өткеннен кейін рұқсат етіледі.

12. Өтініш беруші ӘК ТҚ жөніндегі мамандарды оқытатын, емтихан өткізетін АОО-н соңғы жыл ішінде талпыныстардың саны және мөлшері туралы жазбаша нысанды растауы және талпыныстар орын алған ұйымдар мен авиациялық өкіметті атауы тиіс. ӘК ТҚ жөніндегі мамандарды оқытатын АОО белгіленген уақытша шектеу аясында талпыныстардың мөлшерін тексеру үшін жауапты.

1. Әр модульге сұрақтардың мөлшері:

1) Модуль 1 - Математика:

А санаты : бірнеше жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаумен және очерксіз(essay) 6 сұрақ. Рұқсат етілген уақыт 20 минут.

В1 санаты: бірнеше жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаумен және очерксіз(essay) 32 сұрақ. Рұқсат етілген уақыт 40 минут.

В2 санаты: бірнеше жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаумен және очерксіз(essay) 32 сұрақ. Рұқсат етілген уақыт 40 минут.

В3 санаты: бірнеше жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаумен және очерксіз(essay) 32 сұрақ. Рұқсат етілген уақыт 40 минут.

2) Модуль 2- Физика:

А санаты: бірнеше жауаптың дұрыс нұсқасын таңдаумен және очерксіз(essay) 32 сұрақ. Рұқсат етілген уақыт 40 минут.

1.6	Ұшып шығу процедурасы, биіктікті өлшегішті орнату, соқтығыстарды алдын ала ескерту үшін қоршаған кеңістікті шолу
1.7	ATS-н байланыс – келісу, радиобайланыс процедуралары
2 БӨЛІК НЕГІЗГІ ҰШУДЫ БАСҚАРУ	
2.1	Сыртқы бағдарлардың көмегімен ұшақты басқару, соның ішінде тура, берілген биіктіктегі қозғалыс, биіктікті алу, төмендету, бақылау
2.2	Сыни төмен жылдамдықтағы ұшу, оған қоса тану және бастапқы және күшейген құлау жағдайларынан шығу
2.3	Қондыру жағдайындағы шұғыл бұрылыстарды қоса бұры қисаю бұрышымен тік бұрылыстар.
2.4	Сыни төмен жылдамдықтағы ұшу, оған қоса тану және шиыршықты шүйілуден шығу
2.5	Ұшу тек аспаптар бойынша, оған қоса: а) көлденең ұшу, крейсерлік ұшу, ұшу режимі, курсты бақылау, биіктіктер және жылдамдықтар; б) биіктікті алудағы бұрылыстар және 10°–30° өңісәу бұрышымен төмендету; в) стандарттық емес жағдайлардан шығу (recoveries from unusual attitudes); г) "шектеулі панель" режимі.
2.6	ATS-н байланыс – келісу, радиобайланыс процедуралары
3 БӨЛІК БАҒЫТ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ	
3.1	Сыртқы бағдарлардың көмегімен ұшақты басқару, соның ішінде крейсердік режимде ұшудың алыстығы мен ұзақтығын айқындау
3.2	Бағдар, картаны оқу
3.3	Управление высотой, скоростью, курсом, наблюдение
3.4	Биіктік өлшегішті жөнге келтіру, ATS-н байланыс – келісу, радиобайланыс процедуралары
3.5	Ұшудың барысын бақылау, ұшу журналын жүргізу, отын шығынын бақылау, бағыттан ауытқыуды бағалау және ұшудың дұрыс бағытын қайта жаңғырту

3.6	Ауа рай жағдайларын бақылау, тенеденцияларды бағалау, берілген жол желісінен ауытқуларды жоспарлау (track)
3.7	Жол бағытын қадағалау, Слежение за направлением маршрута, жайғастыру (NDB немесе VOR навигациялық жүйелердің көмегімен), жабдықты сәйкестендіру (аспаптар бойынша ұшу), қосалқы әуе айлағына кету жоспарын жүзеге асыру)
4 БӨЛІК –ҚОНДЫРУҒА КІРУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОНДЫРУЛАР	
4.1	Келу процедуралары, биіктік өлшегішті орнату, тексерулер, бақылау
4.2	ATS-н байланыс – келісу, радиобайланыс процедуралары
4.3	Төмен биіктіктен екінші шеңберге кету
4.4	Қалыпты қондыру, бүйірлі желмен қондыру (қолайлы жағдайларда)
4.5	Қысқа қашықтықпен қондыру
4.6	Шағын газде кіру және қондыру (тек бір моторлы ұшақтар үшін)
4.7	Жалғас қанатшаларды пайдаланусыз қондыру
4.8	Ұшудан кейінгі әрекеттер
5 БӨЛІК ҚАЛЫПТАН ТЫС ЖӘНЕ АПАТТЫҚ ПРОЦЕДУРАЛАР	
Бұл бөлік 1+4 бөліктермен бірігуі мүмкін.	
5.1	Самғаудан кейінгі қозғалтқыштың істен шығуына ұқсату (қауіпсіз биіктікте) өрт жаттығулары
5.2	Жабдық жұмысындағы шалыстар, оған қоса шассидың шығуының баламалы механизмінің кемшіліктері, электр және тежегіш жүйелеріндегі ақаулықтар
5.3	Мәжібүрлі қондыруға ұқсату
5.4	ATS-н байланыс – келісу, радиобайланыс процедуралары
5.5	Ауызша сұрақтар
6 БӨЛІК – АССИМЕТРИЯЛЫҚ ҰШУҒА ҰҚСАТУ ЖӘНЕ СЫНЫП ЖӘНЕ ТҮРІНЕ СӘЙКЕС ТЕКСЕРУЛЕР	
Бұл бөлік 1-5 бөліктермен бірігуі мүмкін	
6.1	Самғау кезінде қозғалтқыштың бұзылуына ұқсату (егер ол FFS или FNPTII тернажерында емес өткізілсе, онда қауіпсіз биіктікте)
6.2	Қондыруға ассиметриялық кіру және екінші шеңберге кіру
6.3	Ассиметриялық кіру және толық тоқтаумен қондырулар
6.4	Қозғалтқышты тоқтату және қайтадан қосу
6.5	ATS-н байланыс – келісу, радиобайланыс процедуралары, ұшу шеберлігі
FE қарауы бойынша – сынып және түріне сәйкес келетін ұшуды тексерудің өзге жағдайлары, егер бұл қ о л д а н ы л с а :	
6.6	а) Автоұшқышпен қатынасты қоса ұшақтың жүйелері; б) қысымды кктеру жүйесін пайдалану; в) мұздану жүйесіне анти- және қарсы-пайдалану.
6.7	Ауызша сұрақтар

Ескерту. Кестені жасақтау, тексеруді өткізу ,ұшу экипаждары мүшелерінің біліктілігін дайындау және сынақтау деңгейі Басшылығына түсіндірулер қосымшада келтірілген.

Кестені жасақтау, тексеруді өткізу, ұшу экипаждары мүшелерінің біліктілігін

Кестені жасақтау, тексеруді өткізу, ұшу экипаждары мүшелерінің біліктілігін дайындау және сынақтау деңгейі Басшылығына түсіндірулер

1 тарау. Жалпы

1. Үміткер сынақ/тексеру бағдарламасына сәйкес барлық қажетті нұқсаулықтан өтеді. Емтихан алушы үміткердің сынақтан өтуіне дайын екеніне көз жеткізеді, үміткер барлық тәжірибедік дәрістерден текенін, ал жаттығуға тапсырмалар нұқсаушымен қол қойылғанын тексереді.

2. Сынақ/тексеру барысында өңделуі тиіс сұрақтар тиісті құжаттамада беріледі (License Skill Tests/Proficiency Checks LSC/LPCMPA&SP). Сынақтар/ тексерулерді өткізу үшін бірге сценарийлерді пайдалану мүмкін. Сонымен бірге емтихан алушы бұл сценарийлердің бірін таңдайды. Барлық талаптарға сәйкес келген және тиісті органнан оларды пайдалануға рұқсаты бар тренажерларды пайдалануға рұқсат беріледі.

3. Емтихан алушы ұшу сынақтауын ол өкілетті ұйымның талаптарына сәйкес келетіндей, сонымен қатар аталған сынақта берілген барлық маневрлерді өткізуге және дайындауға әр үміткердің жеткілікті уақытын қамтамасыз ететіндей түрде өткізеді.

4. Өкілетті ұйым теориялық білім жауаптың бірнеше нұсқалары бар сұрақнаманы толтыру көмегімен немесе өзге лайықты тәсілдермен тексерілгенін талап етеді. Жауаптың бірнеше нұсқаларымен сұрақнамалар қолданылмайтын жерде, жазбаша (электронды) нысанда белгілеумен ұшқыштың білімін бағалаудың өзге қолайлы тәсілі қолданылады.

2 тарау. Сынақты/тексеруді өткізу

5. "М" әрпімен белгіленген тармақтарда (mandatory – міндетті) сынақтауға жататын білімінң ең аз көлеміне талаптар бар. Емтихан алушы өз қарауы бойынша "тәжірибелік жаттығулар" облысынан қосымша сұрақтарды таңдайды.

6. LST/LPC сынағын орындау кезінде елеусіз қателер анықталған жағдайда 2 (екі) талпынысқа жол беріледі. Бұл жағдайда үміткер сынақтық ұшудың барлық тапсырмаларынан өтеді және бұдан кейін ғана егер уақыт қалса, оған қандай да бір тапсырманы орындау мүмкіндігі беріледі.

Әуе кемесінде тексеру/сынақты өткізу кезінде бір мәртеден барлық тапсырмаларды орындауды аяқтау диспетчерлік сүйемелдеуге немесе қандайда болмасын өзге сыртқы факторларға байланысты күрделіліктерден мүмкінсіз болуы мүмкін.

Бірінші талпыныстан бес тапсырманы өтуге қабілетсіздік үміткермен барлық сынақты қайтара өту қажеттілігін білдіреді. 5 тапсырмадан аспай құлаған үміткер оларды 2 (екінші) талпыныстан қайта тапсыруға жіберіледі.

7. Бір сұрақты үміткермен екі рет тапсыра алмау , оған барлық сынақты/тексеруді тұтас қайтадан өту қажеттілігін білдіреді.

8. №1 талпыныс. Егер үміткер сынақты/тексеруді тапсырудың бірінші талпынысы кезінде ол осыған дейін табысты тапсырған сұраққа жауап бермесе, бұл сәтсіз бірінші талпыныс ретінде есептеледі. Бұл LST/LPC бланкісінде емтихан алушымен бұрын жасалған белгіні өзгерту керек дегенді білдіреді.

9. №2 талпыныс.

Бірінші талпыныс кезінде дұрыс жауап беоілген сұрақтарды қоса, қайтара сынақтау/ тексеру кезінде қандай да болмасын сұраққа теріс жауап үміткердің барлық сынақты/ тексеруді тұтас қайтадан өту тиіс екендігін білдіреді. Аталған талап жиі теріс түсіндіріледі.

"Қайтара сынақтау\тексеру" сөзі негізгі болып табылады.

Бірінші талпыныс толықтау аяқталу қажет. Егер теріс жауап берілген сұрақтар болса, емтихан алушы үміткерге екінші талпынысты (№2 талпыныс) жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл себеп бойынша үміткер табысты өткен сол ұшу маневрын қайтара орындаудан қашқақтауға кеңес береміз. Аталған келеңсіздіктерді шешудің көптеген өзге мүмкіндіктері бар. Мысалы, тексеруге, /сынақтауға жататын кезеңнің / маневрдың басталу сәтіне дейін екінші ұшқышқа ұшақты басқаруды ұсыну (сол сәтке дейін ұшақтағы белсенді басқаруды емтихан алушы өзіне алуы мүмкін). Тренажер жалғастыруға үміткердің толық әзірлік сәтіне дейін "қойылуы" және "іркіліске қойылуы" мүмкін немесе екінші шеңберге кетудәі сәтісіз талпынысы жағдайында ең азға сәйкес жағдайлардың басталуы үшін қабылданған кез келген нүктеге кірудің екінші түрін таңдауы мүмкін.

Барлық жағдайлардағ егер өткен (тапсырған) тапсырма бойынша тренажерда ұшуды орындауы болатын болсағ бұл туралы үміткерге брифинг барысында хабарлайды..

10. Егер сынақ/тексеру емтихан алушымен елеусіз деп есептелген себептер бойынша тоқталсағ онда сынақтауды (тексеруді) қайта жаңартқан кезде тапсырылмаған секцияларды ғана тапсыру қажет. сынақты тоқтауға орынды себептер болған кезде үміткер сынақты табысты өтуге жейін өндірістік рейстерді орындауға қайта орала алмайды.

11. № 1 талпыныс кезінде емтихан алушы өз қарауы бойынша тексерудің кез келген жаттығуларын (кез келген сұрақ) бір рет қайталай алады. Үміткер сынақты қайтара өткізуді емтихан алушыдан талап етуге құқылы. Әдеттегідей, емтихан алушы үміткермен жіберілген қате елеусіз деп ол санаған жағдайда өз қарауы бойынша қандайда болмасын жаттығуды өз қарауы бойынша қайталауы мүмкін , қате қайтара

нұсқаулықты өткізумен түзетілуі мүмкін. Қайталау мүмкіндігі үміткердің жеткіліксіз әзірлігі кезінде ұсынылмайды. Егер қосымша жаттығу талап етілсе, онда ол қайтара сынақтауға дейін, яғни 1 (екінші) талпынысқа дейін ұсынылады. Қайталама ұшулар тексеруді (сынақ) өткізу бастапқыда 2 (екінші) күндізгі іс-шаралар сияқты жоспарланған жағдайлардан басқа тренажердың өзге сценарийіне (өзге ұшуға) ауыстырылады. Қайталаулар екінші емтихан алушыға берілмейді. №2 талпыныс кезіндегі қайталама сынақтаулар үшін сұрақтар қайталанбайды. Үміткерге 2 (екінші) талпынысты ұсыну алдындағы 1 (бірінші) талпыныстағы жіберілген қателер туралы айту қажеті.

12. Сынақтың сынақтың барлық техникалық бөлігі 2 рет қайталануы мүмкін, барлық жаттығуларды қайталау құқына ұсыным бұрыс болып табылады. Қайталама талпыныстар LST/LPC нысандарында белгіленбейді.

13. Егер үміткердің құзіреттілігі толық қайта бағалауды (қайталама тексеру) талап еткен жағдайда, емтихан алушы кез келген кезеңде сынақты (тексеру) тоқтата алады.

14. Егер емтихан алушы үміткер қандайда болмасын сыртқы алаңдатушы факторлардың тапсырмасымен жеткіліксіз жақсы игерді деп санаса, жаттығу бағаланбауы тиіс.

Егер ұшқыш емтиханға келсе және оның басталар алдында денсаулығына шағымданбаса, онда ол ұшуға дайын деп саналады. Сынақ өткеннен кейін денсаулығына шағымдану қабылданбайды.

15. Сынақты (тексеруді) өткізу пішімі өндірістік ұшуға ұқсайтындай түрде жасақталады. Ұшуға жоспарлау және дайындық пайдалану процедураларына сәйкес кәдімгі материалдарды пайдаланумен экипажбен өткізіледі. Ұшуда үміткер әдеттегідей сол карталар мен жинақтарды пайдаланады. Мысалы, үйде ерте дайындалған суреттерді, сызбалар және бөліп көрсеткен фрагменттері бар ксерокс көшірмелерін пайдалануға болмайды.

Ұшақтар және қозғалтқыштар жүйесінің істен шығуына ұқсатумен сынақтар/ тексерулерді өткізу жүк немесе жолушыларды коммерциялық тасымалдау кезінде өндірістік жағдайларда жүзеге асырылмайды.

16. Көп мүшелі экипажбен ұшақтағы сынақ/тексеру экипаж құрамында өткізіледі. Егере сынақ/тексеру тренажерда емес, ұшақта өтсе, емтихан алушы екінші ұшқыштың (командир) рөлінде болуы мүмкін.

17. (ATPL) желілік ұшқыштың бастапқы лицензиясына ие болатын үміткер сынақтың барлық кезеңінде белсенді басқаруды pilot (flying) жүзеге асыратын ұшқыш ретінде жұмыс дағдыларын көрсетеді. Одан басқа үміткер басқаруды жүзеге асырмайтын ұшқыш (pilot monitoring) ретінде де жұмыс дағдыларын көрсетеді.

18. Ұшуды тексеруді(сынақтау) өткізу туралы нақты мәліметтер ұшу құрамынан емтихан алушының Басшылығында баяндалған. .

19. ұшуды тексеру/сынақтаудың мақсаты келесілер болып табылады:

1) үміткер тәжірибеде алынатын рұқсатқа (рейтингке) сәйкес қажетті білімнің онда болуын көрсете алды ма, айқындау;

2) қандай да болмасын жаттығуларды (процедуралар) орындау барысында әдетте жіберілетін қателерді түзету бойынша кеңестерді беру жолымен үйрету және оқытудың жақсартылған стандарттары;

3) Ұшу тәртібі мен авиациялық стандарттарды сақтауды талап ете отырып, авиациялық индустрияда қауіпсіздік стандарттарын (мүмкін болған жерде-қатаңдату) сақтауды қамтамасыз ету.

3 тарау. ҰӨП бойынша ұшуларға рұқсат туралы біліктілік белгісін алу үшін тәжірибелік дағдылар жөніндегі емтихан (IR skilltest)

20. IR алуға үміткер ұшуды тексеру кезінде пайдаланылатын әуе кемесінің сол сыныбы немесе түрі бойынша нұсқаулық алуы тиіс.

21. Үміткер ұшу икемділіктерін тексерудің барлық бөліктері бойынша өту белгісін алуы тиіс (skill test). Егер қандай да болмасын тармақта, қандай да бір бөлікте өту белгісін алмаса, демек бұл бөлік бойынша өтпеу белгісі қойылады. Бөліктердің біреуінен көп өтпеу белгісі үміткерден ұшуды тексерудің барлық бөліктерін қайта тапсыруды талап етеді. Бір бөліктен ғана өтпеу белгісі сол бөлікті қайта тапсыруды талап етеді. Қайталама тексерудің кез келген бөлігінен , соның ішінде алдыңғы қайта тапсыруды табысты тапсырған сол бөліктер бойынша өтпеу белгісі үміткерден ұшу икемділіктерінің барлық тексеруін қайта тапсыруды талап етеді (skill test). Барлық бөліктер бойынша ұшу икемділіктерін тексеру алты ай ішінде аяқталуы тиіс. Екі талпыныстан сәйкес барлық бөлімдерді тапсырудың қабілетсіздігі бұдан әрі оқытуды талап етеді.

22. Қайталама оқыту сәтсіз ұшу тексерулерінен кейін басталады. Ұшу икемділіктерін тексеру тапсыру талпыныстары шектеусіз.

23. тексеру тәжірибелік ұшуды ұқсату үшін тағайындалған. Ұшу бағыты емтихан алушымен таңдалуы тиіс. Жалпы қабылданған инструктивтік материалдар негізіндегі үміткердің ұшуды жоспарлау және өткізу қабілеттілігі елеулі элемент болып табылады. Үміткер өзіне ұшуды жоспарлауды алады және борттағы ұшуды орындау үшін барлық жабдық және құжаттаманың болу орын қамтамасыз етуге тиіс. Ұшудың ұзақтығы 1 сағаттан кем еместі құрайды.

24. Егер емтихан алушы дәлелсіз деп санайтын себептер бойынша үміткер тексеруді тоқтауға шешімді қабылдайды, бұл үміткер барлық тексеруді қайта тапсыруы қажет. Егер тексеру емтихан алушы дәлелді деп санайтын себептер бойынша тоқталса, онда келесі ұшуда тексерудің тапсырылмаған бөліктері бойынша ғана тексеру жүреді.

25. Емтихан алушының қарауы бойынша кез келген маневр немесе сынақтау процедурасы үміткермен бір рет қайталанады. Емтихан алушы үміткермен ұшу

дағдылары толық қайтара сынақтауды талап етеді деп санаса, ол кез келген кезеңде сынақты тоқтата алады.

26. Үміткер ӘКК функцияларын орындай алатын жағдайдан әуе кемесін басқаруы және экипаждың өзге мүшелері жоқ сияқты ұшуды орындауы тиіс. Қауіпсіздік мүдделерінде немесе басқа кеме үшін жіберілмейтін кідірісті болғызбауда емтихан алушы араласуы қажет жағдайлардан басқа ол әуе кемесін басқаруға қатысуға тиісті емес.

27. Салыстырмалы/ абсолютті шешім қабылдау (Decision heights/altitude), төмендеудің ең аз салыстырмалы/ абсолюттік биіктігі (minimum descent heights/altitudes) және екінші шеңберге кету нүктесі үміткермен айқындалады және емтихан алушымен келісіледі.

28. IR үміткер емтихан алушыға онымен орындалатын тексеру мен міндеттерді, соның ішінде радиобайланыс құрылғысының сәйкестенуін көрсетуі қажет. Тексерулер ұшуды тексеру өткізілетін бақылау тексерулерінің белгіленген карталарына сәйкес аяқталуы тиіс. Ұшуға дайындық уақытында үміткер қозғалтқыш және жылдамдық жұмысының параметрлерін айқындауға міндетті. Самғау, қондыруға кірулер және қондырулар пайдаланылатын әуе кемесін ұшуды пайдалану жөніндегі басшылығына сәйкес үміткермен есептеледі.

29. Үміткер оның шектеулері аясында әуе кемесін басқару қабілеттілігін көрсете алуы, барлық маневрларды дәл және бір сарынды орындауы, жақсы қабылданған шешімдерді және ұшу икемділіктерін көрсете білуі, аэронавигация облысында білімін білдіруі, және процедура немесе маневрдың табысты нәтижесі күмән келтірмейтіндей ұшудың барлық кезеңдерінде әуе кемесіне бақылауды жүзеге асыра білуі тиіс.

30 Турбуленттік жағдайларға, пайдаланылатын әуе кемесінің ұшу сапалары мен сипаттамаларына қарамастан ұшу параметрлерінің келесі ауытқуларына жол беріледі:

1) биіктігі бойынша:

әдеттегідей,

±

100 фут (30 метр);

екінші шеңберге кетудің басталуы, шешімдерді қабылдау биіктігі, +50/-0 фут (+15/-0 метр);

төмендеудің ең аз биіктігі (екінші шеңберге кету нүктесі), +50/-0 фут (+15/-0 метр);

2) жол желісін қадағалау (tracking):

радиолокациялық

±

5 ;

қондыруға дәл кіру – азимут және глиссада бойынша шкаланың жартысы;

3) курс:

барлық жұмыс жасайтын қозғалтқыштар кезінде,

±

5 ;

қозғалтқыштың істен шығуына ұқсатумен

±

10 ;

4) жылдамдық:

барлық жұмыс жасайтын қозғалтқыштар кезінде,

±

5 түйін;

қозғалтқыштың істен шығуына ұқсатумен, +10/-5 түйін.

4 тарау. Ұшу икемділіктері бойынша емтихан және көп мүшелі экипаж ұшқышының (MPL), әуе желісі ұшқышының(ATPL) куәлігін, түрі және сыныбы бойынша біліктілік белгісін беру үшін дайындық деңгейін біліктілік тексеру(proficiency check) , сонымен қатар аспаптар(IR) бойынша ұшуға рұқсат үшін біліктілік тексеру

31. Тәжірибелік дағдылар жөніндегі емтиханды өткізуге үміткер емтиханда пайдаланатын әуе кемелерінің сол сыныбында немесе түрінде оқытудан өтуі тиіс.

32. Екі талпыныстан емтихан бөлігінен кез келгені бойынша өтпеу белгісі қосымша оқытуды талап етеді.

33. Емтихандарды тапсырудың талпыныстар мөлшері шектеусіз.

Оқыту курсының, біліктілік тексерудің (proficiency check) немесе тәжірибелік икемділіктер жөніндегі емтиханның (skill test). мазмұны.

34. Егер өзгесі ӘК –өндірушінің мақұлданған деректерімен айқындалмаса, ұшуларға оқытудың оқу жоспары, тәжірибелік икемділіктер бойынша біліктілік тексерулер мен емтихандар Осы Қағидаға сәйкес болуы тиіс. Тәжірибелік икемділіктер

бойынша оқу жоспары, біліктілік емтихандары бұл ӘК өндірушінің мақұлданған деректерімен айқындалған сияқты әуе кемелерінің сол ұқсас түрлерінде жұмыстың алдыңғы тәжірибесінен өту жолымен азаюы мүмкін.

35. ATPPL беру үшін тәжірибелік икемділіктер бойынша емтиханнан басқа ұшқыштың рұқсаты бар ӘК-ң сол түрлері мен нұсқалары бойынша жалпы болып табылатын тәжірибелік емтиханның элементтері ұшқышқа өту белгісі қойылуы мүмкін.

36. Емтихан алушы тәжірибелік икемділіктер бойынша біліктілік тексерулері мен емтихандарының түрлі сценарийлері арасында таңдай алады. Бұл сценарийлерде үлгіленген пайдалану режимдері бар. Сонымен бірге ұшулардың(FFS) кешенді тренажерлары және осы Қағидамен көзделген сияқты өзге бар тренажерларды пайдаланылуы қажет.

37. Біліктілікті тексеру уақытында емтихан алушы сынып жіне түрінің белгісі иегерінде теориялық білімнің қажетті деңгейі бар екеніне көз жеткізуі қажет.

38. Егер емтихан алушы дәлелсіз деп санайтын себептер бойынша үміткер тексеруді тоқтауға шешімді қабылдайды, бұл үміткер барлық тексеруді қайта тапсыруы қажет. Егер тексеру емтихан алушы дәлелді деп санайтын себептер бойынша тоқталса, онда келесі ұшуда тексерудің тапсырылмаған бөліктері бойынша ғана тексеру жүреді.

39. FE қарауы бойынша кез келген маневр немесе сынақтау(емтихан) процедурасы үміткермен бір рет қайталанатын. FE үміткермен ұшу дағдылары толық қайтара сынақтауды талап етеді деп санаса, ол кез келген кезеңде тексеруді тоқтата алады.

40. Егер тексеру дара басқаруды талап еткен жағдайда, үміткер ӘКК немесе екінші ұшқыштың функцияларын орындай алатын жағдайдан әуе кемесін басқаруы және экипаждың өзге мүшелері жоқ сияқты ұшуды орындауы тиіс.

41. Сынақтық ұшудың алдын ала дайындығы барысында үміткер ұозғалтқыш және жылдамдық жұмысының параметрлерін айқындау қажет. Үміткер онымен өткізілген бақылау тексерулер мен өзге дайындық жұмыстарының, соның ішінде райдиобайланысқұралдарын сәйкестендіруше байланысты нәтижелерін емтихан алушыға ұсынуға тиісті. Тексерулер сынақ өтетін әуе кемесі үшін бақылау тексерулерінің карталарына (check list) және, егер бұл қолданылса, экипаждың өзара әрекет концепциясына (MCC) сәйкес аяқталуы қажет. Самғау , қондыруға кіру және қондыру үшін ұшу сипаттамалары жөніндегі нұсқаулыққа ұшулардың өндірісі және пайдаланатын әуе кемесі үшін ұшуды пайдалану жөніндегі басшылыққа сәйкес үміткермен есептеледі. Салыстырмалы/ абсолютті шешім қабылдау (DH/A), төмендеудің ең аз салыстырмалы/ абсолюттік биіктігі (MDH/A), және сонымен бірге екінші шеңберге кету нүктесі(MAP) үміткермен айқындалады және емтихан алушымен келісіледі.

42. Қауіпсіздік мүдделерінде немесе басқа кеме үшін жіберілмейтін кідірісті болғызбауда емтихан алушы араласуы қажет жағдайлардан басқа ол әуе кемесін басқаруға қатысуға тиісті емес.

Көп мүшелі экипажбен (MPA) ӘК түрінің біліктілік белгісін алу, ккп мүшелі экипажбен оларды пайдалану кезінде бір ұшқышты (SPA) ұшақтардың, сонымен қатар ккп мүшелі экипаж ұшқышының куәлігін (MPL) және желілік авиация ұшқышының (ATPL).куәлігін алу кезіндегі тәжірибелік дағдылар бойынша біліктілік тексерулері мен емтихандары үшін арнайы талаптар.

43. Көп мүшелі экипажы бар ұшақ немесе SPA ұшағы үшін ұшу дағдыларын тексеру оларды көп мүшелі экипажбен пайдалану кезінде көп мүшелі экипажда жүзеге асырылады. Өзге түрдегі біліктілік белгісі бар өзге үміткер немесе өзге білікті ұшқыш екінші ұшқыштың рөлін орындай алады. Егер әуе кемесі пайдаланылса, екінші ұшқыш емтихан алушы немесе нұсқаушы болуы тиіс.

44. Үміткер MCC сәйкес штаттық емес және апаттық операциялардан басқа " басқарушы ұшқыш" (PF) ретіндегі сияқты сол "басқарушы емес ұшқыш" (PNF) ретінде өте алуы мүмкін ұшуды тексерудің барлық бөліктерінен өту кезінде "басқарушы ұшқыш" (PF) ретінде әрекет етуі тиіс. MPA –а біліктілік белгісін немесе ATPL алуға үміткер PNF ретінде әрекет ету қабілеттілігін көрсете білуі тиіс. Үміткер егер бұл сынақтардың барлық элементтері таңдалған орында орындалса, ұшу икемділіктерін тексеру үшін ұшақ кабинасының сол жақ отырғышының немесе оң жақ отырғышын таңдай алады.

45. Өтініш беруші PF немесе PNF ретінде әрекет етуіне қарамастан ӘКК міндеттерін орындауды талап ететін көп мүшелі экипажды пайдалану кезінде ATPL алуға немесе MPA, немесе SPA түріндегі белгілерге үміткерлерді тексеруде емтихан алушымен білімнің келесі арнайы облыстары тексерілуі тиіс:

- 1) экипаждың өзара әрекетін басқару;
- 2) Тиіст қадағалау жолымен әуе кемесін пайдалануды жалпы бақылауды орындау;
- 3) Қалыптасқан жағдайға қолданылатын қауіпсіздік аспектілеріне және тиісті нормалар мен ережелерге сәйкес , соның ішінде төтенше жағдайлар туындаған кезде басымдылықтарды орнату және шешімдерді қабылдау.

46. Егер IR алу талап етілетін болса, онда тексеру ҰӨЕ(IFR) бойынша өтуі тиіс, сонымен қатар әуе көлігін пайдаланудың коммерциялық жағдайлары ең жоғары үлгіленуі мүмкін. Әдеттегі жалпы қабылданған құралдарды пайдалана отыра үміткердің ұшуды жоспарлау және өткізу қабілеттілігі тексеру үшін елеулі элемент болып табылады.

47. Егер (Type Rating) түріне рұқсат туралы біліктілік белгісін алу курсы ұшу дайындығының 2 сағаттан азды қосса, ұшу икемділіктерін тексеру FFS тренажерында өтуі мүмкін және ұшақтағы оқу ұшулары басталғанға дейін аяқталуы мүмкін. Бұл жағдайда ұшақтағы ұшу дайындығын қоса, түр белгісіне курстың аяқталуы туралы куәлік жаңа түрдегі белгі үміткердің куәлігіне енгенге дейін өкілетті ұйымға жолдануы қажет.

48. Көтеріңкі ұшу сипаттамалары бар күрделі ұшақтан басқа 1 адамнан тұратын ұшақ (SP aircraft) жағдайында, үміткер біліктілік тексеру және икемділіктерін тексерудің барлық сәйкес бөліктерінен өтуі тиіс. Егер қандай да болмасын бөліктің қандай да болмасын тармағы бойынша "өтпеу белгісі" алынса, демек, бұл бөлік бойынша "өтпеу белгісі" қойылады. Бөліктердің біреуінен көп өтпеу белгісі үміткерден ұшуды тексерудің барлық бөліктерін қайта тапсыруды талап етеді. Бір бөліктен ғана өтпеу белгісі сол бөлікті қайта тапсыруды талап етеді. Қайталама тексерудің кез келген бөлігінен, соның ішінде алдыңғы талпыныста "өту белгісі" алынға сол бөліктерде, үміткерден ұшу икемділіктерінің барлық тексеруін қайта тапсыруды талап етеді. Көп қозғалтқышты SPA үшін ассиметриялық ұшуға жататын тиісті сынақтау мен тексерудің 6 бөлігін өткізіп жіберу керек.

49. Көтеріңкі ұшу сипаттамалары бар көп мүшелі экипаж ұшақтар және SP ұшақтары жағдайында үміткер тәжірибелік дағдылар және біліктілік тексерулер бойынша емтиханның барлық бөліктерінен өтуі қажет. 5 тармақтан асатын өтпеу белгісі тек осы тармақтарды қайта тапсыруды талап етеді. 5 тармақтан аз өтпеу белгісі тек осы тармақтарды қайта тапсыруды талап етеді. Қайталама тексерудің кез келген тармақтары, соның ішінде алдыңғы қайта тапсыруда өту белгісі қойылғандар бойынша өтпеу белгісі үміткерден барлық тексеруден қайта өтуді талап етеді. ATPPL кулігін немесе MPL көп мүшелі экипаж ұшқышының куәлігін алу кезінде 6 бөлік тәжірибелік икемділіктер және біліктілік тексеру емтиханының бөлігі болып табылмайды. Егер өтініш беруші 6 бөлікті сәтсіз тапсырса, немесе тіпті тапсырмаса, түр белгісі оған CAT II немесе CAT III санатты аспаптар бойынша қондыру құқығынсыз берілетін болады. CAT II немесе CAT III –е түр белгісі бойынша құқықты кеңейту үшін әуе кемесінің тиісті түріне 6 бөлік бойынша ұшу икемділіктерін тексеруді тапсыруы тиіс.

50. Үміткер қабілеттілігін көрсетуі тиіс:

- 1) оның шектеулі аясында ұшақты басқару;
- 2) барлық маневрларды дәл және бір сарынды орындау;
- 3) жақсы қабылданған шешімдер және ұшу икемділіктерді көрсете білу;
- 4) аэронавгация облысында білімін көрсете білу;
- 5) процедура немесе маневрдың табысты нәтижесі күмән келтірмейтіндей ұшудың барлық кезеңдерінде әуе кемесіне бақылауды жүзеге асыру;
- 6) егер бұл қолданылса, экипаж мүшелерінің жұмыс қабілеттілігін жоғалту кезінде экипаж мүшелерінің әрекеттер үйлесімділігі мен процедураларды түсіну және қолдану;
- 7) егер бұл қолданылса, экипаждың өзге мүшелерімен тиімді өзара әрекет.

51. Көтеріңкі ұшу сипаттамалары бар кешенді ұшақтардан басқа, SP (single - pilot) ұшақтары үшін оқыту деректері мен ұшуды тексеруді нәтижелері енгізілген кесте төменде келтірілген:

- 1) кестеде келесі символдар қолданылады:

P – ӘКК немесе екінші ұшқыш ретінде үйретілген, сонымен қатар "басқарушы ұшқыш" (PF) және "басқарушы емес ұшқыш" (PNF) функцияларын орындайтын ұшықш;

X – Егер мұндай болса, ұшуды ұқсату қолданылуы тиіс жаттығулар, болмаған жағдайда, маневр және процедуралар үшін ұшақты пайдалану қажет;

P#

= Оқыту бақылаудағы ұшақты тексерумен толықтырылуы тиіс;

2) тәжірибелік дайындық ең болмағанда(P) ретінде көрсетілген деңгейдің оқу техникасында өтуі немесе (

---->

)бағыт тілімен көрсетілген техниканың кез келген ең жоғары деңгейінде өткізілуі қажет. Пайдаланатын оқу техникасын белгілеу үшін келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

A – Ұшақ;

FFS - кешенді тренажҰр;

FTD – ұшуларға оқыту үшін тренажер (көп қозғалтқышты ұшақ сыныбының біліктілік белгісі үшін тренажер FNPT II);

3) (*) жұлдызшасымен белгіленген 3 Б бөлігінің тармақтары және көп қозғалтқышты ұшақтардың 6 бөлік тармақтары тек аспаптарға сүйене орындалуы тиіс, егер IR қайта растау және жаңғырту ұшу икемділіктері мен біліктілік тексерулері не кірсе.Егер (*) жұлдызшасымен белгіленген тармақтар тәжірибелік дағдылар және біліктілік тексеру емтиханы уақытында тек аспаптармен жүргізілмесе, және есепке алынатын IR құқықтары жоқ болса, сынып және түр белгілері VFR шолу ұшуларымен шектелетін болады;

4) Тек шолу ұшулары үшін көп қозғалтқышты ұшақтардың сыныбы бойынша біліктілік белгісін қайта растауда, бағыттың 10 секторларын өтудің талап етілетін тәжірибесі алдыңғы 12 ай ішінде аяқталмаса, 3А бөлігі бойынша сынақтар орындалуы тиіс. Егер 3Б бөлігінің жаттығулары бойынша тексеру орындалса, 3 А бөлігі бойынша тексеру талап етілмейді;

5) Ұшу икемділіктері мен біліктілік тексеруінің тізбегіндеі көрсетілген "M" әрпі в бұл жаттығуды (мұндайлар бірнешеу болғанда таідауға жаттығулар) міндетті орындау қажеттілігін білідреді;

6) FFS немесе FNPT II тренжарлары, егер олар сынып және түрдің біліктілік белгілерін алу үшін бекітілген курстың бөлігі табылса, көп қозғалтқышты ұшақтың

түрі немесе сыныбының біліктілік белгілері бойынша тәжірибелік дайындықта пайдаланылуы тиіс. Оларды курста бекіту үшін келесілер назарға қабылданады:

Тиісті сертификатталған талаптарда келтірілген FFS немесе FNPT Іітренажерларының білікті деңгейі;

Нұсқаушылардың біліктілігі;

Оқыту курсымен көзделген FFS немесе FNPT дайындық сағаттарының саны;

Үміткердің оқыту кезінде пайдаланатын ұқсас түрлердегі алдыңғы тәжірибесі;

Ұшу икемділіктері мен біліктілік тексеруді сынақтау пайдаланудың көп мүшелі режимінде жүзеге асырылса, түрге рұқсат туралы біліктілік белгі пайдаланудың ккп мүшелі режимімен шектеледі.

5 тарау. CPL алу үшін тәжірибелік дағдылар бойынша емтихан

52. CPL алу үшін біліктілік сынақтаынан өтауге үміткер ұшу икемділіктерін тексеру кезінде пайдаланатын әуе кемесінің сол сыныбы немесе түрінде оқытудан өтуі тиіс.

53. Үміткер ұшу икемділіктерінің барлық бөліктері бойынша өту белгісін алуы тиіс (skill test). Егер қандай да болмасын тармақта, қандай да бір бөлікте өту белгісін алмаса, демек бұл бөлік бойынша өтпеу белгісі қойылады. Бөліктердің біреуінен көп өтпеу белгісі үміткерден ұшу икемділіктерін тексерудің барлық бөліктерін қайта тапсыруды талап етеді. Бір бөліктен ғана өтпеу белгісі сол бөлікті қайта тапсыруды талап етеді. Қайталама тексерудің кез келген бөлігінен, соның ішінде алдыңғы қайта тапсыруды табысты тапсырған сол бөліктер бойынша өтпеу белгісі үміткерден ұшу икемділіктерінің барлық тексеруін қайта тапсыруды талап етеді (skill test). Барлық бөліктер бойынша ұшу икемділіктерін тексеру 6 ай ішінде аяқталуы тиіс. Екі талпыныстан сәйкес барлық бөлімдерді тапсырудың қабілетсіздігі бұдан әрі оқытуды талап етеді.

54. Қайталама оқыту сәтсіз ұшу тексерулерінен кейін басталады. Ұшу икемділіктерін тексеру тапсыру талпыныстары шектеусіз.

Тәжірибелік дағылар бойынша емтиханды өткізу.

55. Егер емтихан алушы дәлелсіз деп санайтын себептер бойынша үміткер тексеруді тоқтауға шешімді қабылдайды, бұл үміткер барлық тексеруді қайта тапсыруы қажет. Егер тексеру емтихан алушы дәлелді деп санайтын себептер бойынша тоқталса, онда келесі ұшуда тексерудің тапсырылмаған бөліктері бойынша ғана тексеру жүреді.

56. Ұшудан емтихан алушының бойынша кез келген маневр немесе сынақтау(емтихан) процедурасы үміткермен бір рет қайталаанады. Ұшудан емтихан алушы үміткермен ұшу дағдылары толық қайтара сынақтауды талап етеді деп санаса, ол кез келген кезеңде тексеруді тоқтата алады.

57. Үміткер ӘКК функцияларын орындай алатын жағдайдан әуе кемесін басқаруы және экипаждың өзге мүшелері жоқ сияқты ұшуды орындауы тиіс.

58. Үміткер емтихан алушыға онымен орындалатын тексеру мен міндеттерді, соның ішінде радиобайланыс құрылғысының сәйкестенуін көрсетуі қажет. Тексерулер ұшуды тексеру өткізілетін бақылау тексерулерінің белгіленген карталарына сәйкес аяқталуы тиіс. Ұшуға дайындық уақытында үміткер қозғалтқыш және жылдамдық жұмысының параметрлерін айқындауға міндетті. Самғау, қондыруға кірулер және қондырулар пайдаланылатын әуе кемесін ұшуды пайдалану жөніндегі басшылығына сәйкес үміткермен есептеледі.

59. Қауіпсіздік мүдделерінде немесе басқа кеме үшін жіберілмейтін кідірісті болғызбауда ұшудан емтихан алушы араласуы қажет жағдайлардан басқа ол әуе кемесін басқаруға қатысуға тиісті емес.

60. Біліктілік сынақтары үшін пайдаланатын ұшақ оқу ұшақтарының талаптарына жауап беруі қажет, сонымен қатар төрт адамнан кем емес тасымал үшін сертификатталған болуы тиіс, ауыспалы қадаммен бұрандасы және жиналмалы шассиі болуы тиіс.

61. Ұшу бағыты емтихан ашуымен, ал тағайындалу тұрағы бақылаушы әуе айлағымен таңдалады. Ұшудың ұзақтығы 90 минуттан кем болмауы тиіс.

62. Үміткер қабілеттілігін көрсетуі тиіс:

- 1) оның шектеулі аясында ұшақты басқару;
- 2) барлық маневрларды дәлі және бір сарынды орындау;
- 3) жақсы қабылданған шешімдер және ұшу икемділіктерді көрсете білу;
- 4) аэронавгация облысында білімін көрсете білу;
- 5) процедура немесе маневрдың табысты нәтижесі күмән келтірмейтіндей ұшудың барлық кезеңдерінде әуе кемесіне бақылауды жүзеге асыру;

Ұшу параметрлерінің жол берілетін ауытқулары

63. 2.3, 2.5.тармақтар және 5 және 6 бөліктердің барлық тармақтары 3 кесте. CPL(A) беру үшін тәжірибелік икемділіктер бойынша емтиханның мазмұны FNPT- II, FTD-1/2/3 немесе FFS тренажерларында толық көлемде орындалуы мүмкін.